



МЕНИҢ АЛҒАШҚЫ ЖҰМЫСЫМ

АЛҒАШҚЫ ЖҰМЫСТАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК





МЕНИҢ АЛҒАШҚЫ ЖҰМЫСЫМ

АЛҒАШҚЫ ЖҰМЫСТАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК

Суреттеген
Сапаров Мухтар



Астана
2023

УДК 159.9
ББК 88.1
Ц 35

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығымен ұсынылған

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясымен ұсынылған

Автор: Айтмухамбетов Е.А.

Менің алғашқы жұмысым. Алғашқы жұмыстағы қауіпсіздік. – Астана: «Bilim Foundation» КҚ, 2023. – 41 б.

ISBN 978-601-7638-52-8

«Менің алғашқы жұмысым. Алғашқы жұмыстағы қауіпсіздік» кітабында жұмысқа орналасу кезіндегі ықтимал қауіптер және оларды азайту жолдары сипатталған. Жұмыс берушімен шарт жасау түсінігі қарастырылған. Жұмыс беруші мен қызметкер қызығушылықтарының өзгешеліктері мысал ретінде берілген.

Кітап жасөспірімдерге және олардың ата-аналарына арналған. Қосымша тәжірибелік нұсқаулық ретінде мектеп психологы қолдана алады.

УДК 159.9
ББК 88.1
Ц 35

ISBN 978-601-7638-52-8


© «Bilim Foundation» корпоративтік қоры

Кітаптағы ақпаратты қолдану кезінде кітапқа сілтеме көрсету міндетті.

Барлық құқық авторларға тиесілі, құқық иесінің жазбаша рұқсатынсыз кітаптағы ақпаратты және объектілерді көшіру, тарату немесе басқа мақсатта қолдануға тыйым салынады.

МАЗМҰНЫ

<i>Қымбатты оқырман!</i>	6
<i>Маған күрек болса, әсіресе үлкені болса</i>	8
<i>Психолог жазбалары</i>	16
<i>Сәтті симбиоз</i>	19
<i>Психолог жазбалары</i>	27
<i>Ұмытылмас тәжірибе</i>	29
<i>Психолог жазбалары</i>	37
<i>Авторлар мен суретші жайлы</i>	39



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қандай жұмыс істеуге күшің келетінін, өзіңе қандай мамандық сай екенін, кәсіби стиліңді анықтаудың жасөспірімдік шақта маңызы өте зор. Осындай мәселелермен бетпе-бет келе отырып жасөспірім өз бойынан жаңа қабілетті – еңбек ету қабілетін, соның ішінде мамандық таңдауда өзін табу міндетімен кезігеді. Оқу оқып жүріп жасөспірім қоғамнан материалдық еркіндік пен өзін-өзі ынталандыру іс-әрекетін жетілдіруге мүмкіндік бермейтін пайданы ғана көрді. «Менің алғашқы жұмысым» кітабында өзін-өзі қабылдаудың жаңа деңгейі, есеюдің жасөспірімдік шақтағы тәжірибелерінің бірі – өзін-өзі қабылдауды, жетілдіруді талап ететін еңбек ету туралы әңгімелер сипатталған.

Есею процесі кезінде жасөспірімдік шақтағы адам жауапкершілік, тәуелсіздік, соның ішінде материалдық тәуелсіздік туралы ойлана бастайды. Соның салдарынан оның ойында ауырлық етпейтін жұмысқа деген, үлкен пайдаға деген, танымалдылыққа деген қызығушылық туады. Олар жұмысты мына факторларға сай таңдау керек екенін ескермейді: қабілет пен жұмыс сәйкестігі, жұмыстың пайдасы, жұмыстың рахаты, материалдық танымға сай келу-келмеуі. Өзіне лайықты, өзінің қабілеттеріне сай, пайда әкелетін және дамуына септігін тигізетін жұмыс табу – жасөспірімдік шақтағы маңызды мәселелердің бірі. Жасөспірім маңызды нәрселерге қол жеткізу үшін аянбай еңбек ету, бір нәрсеге зер салу үшін күш жұмсау керек екенін, бірінші қадам жасау кезінде болатын қорқыныш сезімін жеңе алу, өз қабілеттері мен білімін жетілдіру керектігін түсінеді. Сонда ғана ол үшін осының бәрі мәнді әрі мағыналы болмақ. Бір дегеннен өз қабілеттері мен табандылығын байланыстыратын, мамандық таңдауда бірден өзінің ойындағыдай және әлеуметтің сенен күткеніндей шешім таба алу екінің бірінің қолынан келе бермейді.

Жасөспірімнің бойындағы есею белгілерінің бірі – тұрақты жұмыс пен жеке қаражат табуға деген талпыныс. Жасөспірімдердің көбі өзгелердің өздерін кәсіби, жауапкершілігі мол, толыққанды тұлға ретінде қабылдағандарын қалайды. Міне, сол уақытта өзіндік талаптары мен шектеулері бар, қызметкер лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес орындауы керек ережелері бар жұмысқа тұра бастайды. Осы

шақта жасөспірім қарама-қарсылықтарға тап болады: өзін жақсы жағынан көрсеткісі келеді, алайда өзгелердің оған қатал болмауын, кешірімшіл болғанын қалайды. Егер жасөспірімнің табандылығы басым болса, сонда ештеңеге қарамастан жұмыс беруші мен ата-анасының сенімін ақтау үшін өзінің әлеуметтік дамуын көрсете отырып, әлсіз жақтарының орнын толтыру үшін жұмыста қолынан келгеннің бәрін жасап, өзіндік жұмыс істеу стилін қалыптастырады.

Кітап жасөспірімдерді әңгіме кейіпкерлері сияқты белсенділікке, жұмыс істеу кезінде өз-өзіне деген сенімді арттыратын өз қабілеттерін көрсете білуге шақырады. Бұл, өз кезегінде, оның перспективалары мен жеке құндылықтарының дамуын кеңейтеді.



— Маған күрек болса, әсіресе үлкені болса —

Міне, жаз да келіп қалды, алайда мен осы жылғы оқу маусымы ешқашан бітпейтін шығар деп ойлаған едім. Ал қазір болса ол маусым екі-ақ күнде өтіп кеткен сияқты болып тұр, мен тіпті соңғы қоңырау қалай келіп жеткенін де аңғармай қалыппын. Мен үшін негізгі оқу жылдары артта қалған сияқты. Енді ҰБТ-ға дайындықпен өтіп кететін 11-сынып қана қалды. Демек, келесі жылға қызу дайындық басталмақ. Оқу басталмас бұрын осы жазда жақсылап демалып, ширеңдеп, достарыммен қызықты жерлерді аралап үлгеруім керек.

– Ал, Жасик, бүгін картингке барамыз ба? Ол жерде жаңа жол ашылыпты, өзіміз барып сынап қайтамыз ба?

– Әрине барамыз, бірақ соңғы қыдырысымнан кейін мүлдем ақшам қалмады. Біз алдында кофе ішуге барған едік қой, сонда көп ақша жұмсап қойыппыз.



– Иә, әрине, жақсы тамақтанып қайтқан едік қой, маған алдындағымның үстінен тағы ақша қосты, сондықтан бүгін кешке жігіттермен картингке барып қайтайық деп отырмыз. Кешкі бесте мектеп алдында жиналамыз, қаласаң кел!

– Жарайды, анамнан ақша алып келетін шығармын, хабарласамын ғой.

– Келістік!

Анаммен әңгімем ұзаққа созылмады. Анам маған ақшаны бір айға беріп қойған болып шықты. Мен оны құлағыма түймей, бір аптада жұмсап қойыппын. Сондықтан да анамнан ақша алу мүмкін емес екенін, ал әкемнен сұрау тіптен ұят болатынын түсіндім. Оның маған сабақ қарауға жаңа ноутбук сатып әпергеннен кейін ақшаны қалай сұраймын?

Ішімде «ештеңе етпес, бәрін өзім шешермін, бұл демалысымды пайдалы етіп өткізіп, өз қажеттіліктеріме өзім ақша тауып аламын» деген ой оянған соң, дереу іске кірісіп кеттім. Менің аниматор болып жұмыс істейтін әпкемнің бары қандай жақса болған, содан жұмыс сұрап көрсем қайтеді?

– Сәлем, Жасұлан! Хабарласпай кеткеніңе біраз болған еді, қалай жағдайың? Сабағың қалай?

– Сәлеметсіз бе! Бәрі тамаша, мен міне 10-сыныпты да тәмамдадым. Осыған дейін хабарласпаған себебім, сол оқуым еді, сабақ көп. Өзіңіз қалайсыз?

– Сенде бәрі жақсы болғанына қуаныштымын! Мен сол жұмыстамын, соңғы кездері тапсырыс көбейіп кетті. Бәріне уақытым жетпейді, кейбіреуіне бара алмаймын деп айтамын-ау деп отырмын.

– Мен сол үшін хабарласып тұр едім. Маған жұмыс табыла ма деп, сізден сұрайын деген едім.



– Әрине табылады, сен де сұрадың-ау. Бірақ бірден ескертіп қояйын, оңай болмайды.

– Қойыңызшы, аниматор дегеннің кім екенін білемін ғой. Мен өмірде өте көңілді адаммын, сондықтан да бұл жұмыс маған қиындық туғыза қояды деп ойламаймын.

– Аааа, өзің көр енді, балабақшадағы бір баланың туған күніне аниматор жалдаған еді, сол жерге барып қызықты бағдарлама қойып кету керек. Оны толығымен құрастырып қойған, бәрін тізім бойынша жасасаң болғаны: өлең оқу, би, әртүрлі ойындар, оларды жаттап алу керек болады және уақытылы орындауың қажет. Қолыңнан келе ме, қалай ойлайсың?

– Әрине, бұл жеңіл ғой, бәрінің көңілін көтеріп, әрі кешті жоғарғы деңгейде өткізіп қайтамын. Маған бағдарламаны жібере саласыз ба? Және қанша уақытты алатын жұмыс екенін де айта салыңызшы.

– Екі сағаттай, одан көп емес. Қазір сенің поштаңа бағдарламаны жіберемін.

Бағдарлама бойынша сайыстар мен билерді көріп шығып, мен ол екі сағаттың тез әрі жеңіл өтетініне сенімді едім. Ақысына мен ол балалардың алдында алты сағат болсын билеуге дайын едім. Ақшаны мен тек демалыс күндері алатын болғандықтан, жігіттерге картингке келесі апта барайықшы деп өтініш айттым. Өзім болсам бағдарламаны қарап отырып, осылай жүріп те мектеп кезінде жұмыс істесем болады екен ғой деп ойладым. Ақша ешқашан артық болмас. Мұндай жеңіл жұмыс маған ұнайтын сияқты көрінді, оның үстіне енді ақшам картингке де, достарыммен тамақтануға да жететін болады. Ата-анам мені бірауыздан қолдап, әпкеме көмектесем дегенің дұрыс шешім екенін айтты.



Демалыс күнге дейін әрең шыдадым, себебі ең көңілсіз адамның көңілін көтеріп жіберуге дайын едім. Балабақшаға кірген кезде кішкене ұялып қалдым, осыншама көп бала болады деп күтпеппін. Жарайды ештеңе етпейді. Соңында біраз ақша алатынымды ойлап, бір мәнісі болар деп өзімді тыныштандырдым. Қойылымның басы онша қызықты басталмады, мені ешкім тыңдағысы келмеді, кейбіреулері жылай бастады,



бәрі жан-жаққа жүгіріп кетті. Бәрін жинап, сайыстарды ұйымдастыруым керек еді, ал бұл болса әлі қойылымның басы ғана. Бағдарламада бұл туралы жазылмаған еді, мен бір-екі минутқа сасқалақтап та қалдым. Алайда әпкемнің көңілін қалдырмайын деп ойлап, импровизация жасай бастадым. Әр баланың көңілін табу үшін сыйлыққа алынған тәттілердің тең жартысын жұмсауға тура келді. Ақырында олардың бәрін бір жерге жинау қолымнан келді, әйтеуір. Содан кейін сағатқа қарадым, сөйтсем енді ғана 15 минут қана өткен екен, ал мен



болсам осының өзіне шаршап қалғандаймын. Бұл барлық уақыттың төрттен біріне де жетпеген, ал сыйлықтар болса азайып қалған. Енді кейбіреуі сыйлықсыз қалатын болды ғой, оған ата-аналар ашуланса ше?! Олар сол тәттілер үшін ақша төлеп қойған ғой. Ата-аналар осы кештен кейін жаман ойда қалса ше, сосын ол ойларын жазып тастаса, онда әпкем тапсырыссыз қалады ғой. Одан да ең жаманы: жұмысынан айырылады. Мен оған жол бере алмаймын.

Сол уақытта әпкемнің маған сырттан қарап тұрғанын, қажет уақытта көмекке келмекші екенін мен аңғармай да қалыппын. Бұл ақылға қонымды ғой, әрине. Ол маған бірден осындай бір кешті толығымен басқаруға сенім арта салмайды ғой. Дайын бағдарлама болса да, кеш өткізу мен ойлағандай жеңіл емес екен.

Ал балалар – бұл жұмыстың жеңіл түрі емес, керісінше, ең ауыр аудитория екен. Олардың әрқайсысына жеке әрекет жасап қана жақын тарта алады екенсің, әпкемнің көмекші керек дегенін енді түсіндім. Осының бәрі оның басынан өткізгенін менің әрбір бес минут сайын күрсінгенімнен-ақ байқауға болады. Әпкемде сыйлықтар салынған қосымша қорап бар болып шықты және ол менің шаршағанымды байқап, бір сағат қалғанда маған қосылды. Жұмысқа қатысты осылай қателесемін деп, мұндай нәтиже береді деп ойламаған едім. Әпкем де бәрі оңай емес деп 200 пайызға дұрыс айтқан екен.

Толық екі сағатты өзім өткізбегенімді және оған қоса әпкемнің өз ақшасына сыйлықтар алуға тура келгенін ойлағаннан жұмыс істедім деп ақша алуға ұялдым. Оның үстіне әпкем де ештеңе демеді, тек көмегің үшін рақмет деп, мені одан сайын ыңғайсыз жағдайға қалдырды. Бұрындары бұл ақыға балалармен тіпті алты сағат ойнасам да болады деп ойлаған болсам, ал қазір олармен жарты сағат ойнағаным үшін тіпті аз ақша екен деп ойлап қалдым.



Достарым мені тағы серуендеуге шақырды. Қалтамда ақшам болса да, бас тарттым. Мен сондай көп ақша таптым деп айта алмаймын, алайда бұл үшін маңдай-терімді төгіп, тырысқаным үшін, ол ақшаны оп-оңай жұмсай сала алмайды екенмін. Аниматор болып жұмыс істеу - оңай ақша табуға болатын жұмыс емес екен. Ол жерде көпшіліктің тілін таба білу қажет. Балалар өздеріне не керек екенін білмейді, сондықтан олармен тіл табысу өте қиын мәселе екен.

Маған әлі де ақша керек, бірақ өзіме ыңғайлы болатын жеңілірек жұмыс тауып алуым керек. Ол жерде енді ұятқа қалмаспын. Біраз ойланып, өзімнің біршама жаман емес фотограф екенім есіме түсті, оған қоса үйімізде жақсы камера бар еді. Ғаламторды ақтарып отырып, біраз тапсырыс тауып алдым. Солардың біреуіне көзім түсті, ол жерде бар-жоғы он-ақ фото керек екен. Ол фотографиялар бір фирмаға портфолио үшін қажет екен, офистері де үлкен емес. Мен директорларына хабарласып, сол күні түстен кейін кездесуге жазылып қойдым, бұл жұмысқа ары кетсе жарты сағат уақытым кетеін шығар деп есептеген едім.

Ол жерге тура келіскен уақытта келдім де, оларға не керек екені жөнінде біраз сөз қозғағаннан кейін жұмысқа кірісіп кеттім. Он минуттан кейін фотолар дайын болды да, оларды директорға көрсетейін дедім:

- Білесің бе, мен бұндайдан онша хабарым жоқ адаммын, сондықтан мұны біздің дизайнерге және тағы бір-екі адамға апарып көрсетші, солармен ақылдасып шешерсіңдер, – деді де, маған бес адамның аты-жөні жазылған тізімді қолыма ұстатты. Оларға менің фотоларым ұнауы керек болатын. Менің фотоларым тек бір адамға ұнаған болып шықты, ол – әрине мен. Бес адамға фото ұнауы үшін, бұл фирманың үстелдері мен адамдарын ұзақ әрі біраз күш салып түсіруге тура келді. Себебі біреуіне ол фотолар тым жарық, біреуіне тым қараңғы сияқты, үшіншісіне мүлдем ұнамай шықты. Кеш бойы сонымен айналыстым, ақыры олардың бәріне ұнаған суретті алып директорға ақшамды алу үшін кірдім.



МАҒАН КҮРЕК БОЛСА, ӘСІРЕСЕ ҮЛКЕНІ БОЛСА

– Тоқтай тұр, бұл жерде бір нәрсе дұрыс емес, нақты не екенін білмеймін, бірақ маған бұл ұнап тұрған жоқ, біраз жақсарту керек. Қысқасы, қайта түсіру қажет, кеш боп қалды, сондықтан ертең таңертең кел, – деді.

Менің айтарға сөзім болмады, шаршағаным соншалық, үйге кетіп қалдым. Ол жақта тіпті тамақ ішуге шамам келмей, төсегіме құладым. Ертеңіне таңертеңгі асымды тез іштім де, әлгі компанияға қайта бардым. Оларға ұнайтындай фото жасай алатынымды дәлелдеуім керек. Қайтадан бәрімен ақылдасуға тура келді: әрқайсысына 10 фотодан жасаған шығармын, ақырында солардың ішінен өздеріне ұнағандарын таңдап алды және менің жұмысымды ұнатты.

Директор болса:

– Ұзақ создың ғой, бала. Бірден осылай түсірмейсің бе? Әйтпесе басында түсініксіз бір фотолар болған еді, қаласаң жасай алады екенсің ғой! – деп қосты.



Оған жауап қатпадым, ол өздерінің бір кештерінде менің фотограф болғанымды қалады, бірақ мен олармен жұмыс істеп шаршаған сияқтымын.

Бұл жағдайдан кейін жұмыстың оңайы болмайтынын және ақша табу оңай емес екенін анық түсіндім. Әрине, айналысатын ісің өзіңе ұнағаны жақсы ғой, алайда ешкім саған жайдан-жай ақы төлей салмайды. Міндетті түрде күш салып еңбектенуің керек. Мен осы күнге дейін қате ойда болғанымды түсініп, жеңіл ақша табудың жолын іздеуді қойдым. Сонымен бірге сабақ пен жұмысты бірге алып жүре алмайды екенмін-ау?! Сол себепті достарыммен қыдырғанда ақша үнемдеуге тура келді және кейде фотоға түсіруге қатысты бір-екі тапсырыс қабылдап тұрамын. Болашақта мені асырап отырған ата-анам менің жанымда үнемі жүре бермейді ғой. Сондай-ақ уақыт өте келе ақшаны оңай жолмен қап-қаптап табамын деген ойдан арылу қиынға соғуы мүмкін.

Не болса да, дәл қазір өз бетімше жұмыс жасап, ақша табуға тырысып жүргенім дұрыс болды, өйткені оған есейгенде бірақ бой үйрету қиынға соғатын болар.



ПСИХОЛОГ ЖАЗБАЛАРЫ

Есею адамды қаражаттық тәуелсіздік туралы ойлануға итермелейді. Соған байланысты жасөспірімде алғашында жеңіл ақша, ауыр болмайтын жұмыс табу және солайша әйгілі боп кету деген сияқты ойлар пайда болады. Жұмыс іздегенде келесі факторларды ескерген дұрыс: қабілетің мен жұмысың сәйкес болуы, ол жұмыс саған пайда әкелуі, рахат сезімін сыйлауы керек және сенің материалдық жағдайыңа да оң әсер еткені дұрыс.

Жұмыстың саған пайда әкелетін келесі факторларын түсінгенің абзал:

- **Жұмысың мен қабілеттеріңнің сәйкестігі: бұл деген адамның қолынан көбірек не келетінін таңдалған жұмыс барысымен салыстыру. Мысалы, жақсы санау, жақсы есте сақтау қабілеті, музыкаға деген қабілет, талдай алу қабілеті, ұйымдастырушылық, дизайн жасау қабілеті және т.б.**
- **Пайдалы жұмыс дегеніміз – адамның кез келген іске жеңіл әрі әр жақтан қарай білуі.**
- **Жұмыстан рақат алу: нәтижеге қуану, алға жылжу, соның салдарынан қолынан келгенінен де көп күш жұмсай алу.**
- **Болашақ перспективаларыңды анықтау және мотивация алу үшін қажетті еңбекақы.**

Осы факторларды естен шығармайтын болсаң, сенде болашақта кәсіби инстинкт пайда болады. Осылайша жұмыс ауыр еңбек деп емес, қызықты тапсырма сияқты және рахатқа бөлейтін, пайда әкелетін, сенің жеке талаптарыңа жауап беретін бос уақытыңды өткізу құралы ретінде қабылданатын болады.

Жасөспірімдік шағынан бастап өз қабілеттерін қалай қызықты етіп қолдану керек екенін білетін адам нағыз бақытты адам болмақ. Екінші бірі жасөспірім кезінде еңбек етуге деген, өз бетімен ақша табуға деген ниетті сезінбеуі мүмкін.

ЗАПИСИ ПСИХОЛОГА

«Маған күрек болса, әсіресе үлкені болса» әңгімесінің кейіпкері өзінің айлық ақшасын жұмсап қойғанын түсінгеннен кейін, достарымен қыдыруға ақша керек екенін және оны өзі таппаса болмайтынын, яғни ата-анасы енді бермейтінін түсінегеннен кейін өз бетімен ақша тауып көрмекші болып, жұмыс іздеуге бел буады. Сол кезде аниматор болып жұмыс істейтін әпкесі есіне түседі. Кейіпкерімізге ақша табудың оңай емес екенін, ол үшін біраз күш жұмсау қажет екенін түсінуі керек болды. Фотоға түсірудің өзі көп нәрсені талап ететінін, ол үшін жұмыс ұсынып отырған адаммен бір тілде сөйлей білу керектігін, өз ісің мен міндетіңді нақты білу қажет екенін де түсіне білді. Оның алдынан шыққан қиындықтар кейіпкерімізді алда әлі де ізденуге және өз еңбегін бағалай білуге итермеледі. Сынақтан өту оған болашақта күш береді.

Жұмыс істеп бастайтын кезде сенің алдымен бірнеше заңдылықтарды біліп алғаның жөн: сенің еңбекке жұмсаған күшің, талпынысың және бірбеткейлігің сенің өміріңнің сәнін келтіреді, оны қызықты әрі маңызды жайттарға толы етеді.

Іскерлік белсенділік бірден реттелмейді, саған ересек және іскерлік өмірге көшу үшін:

- **өз қабілеттеріңді көрсете білсең;**
- **бір нәрсені үйреніп жүрсең;**
- **оны аяғына дейін, яғни нәтижесін көргенге дейін апарсаң ғана реттеле бастайды.**

Қабілеттеріңді көрсетіп, оны аяғына дейін ұстанып, нәтижеге дейін апаратын болсаң, сен өз-өзіңе деген сенімділікке, басқалардан сенің қабілетіңді мойындағанына, сол үшін сені құрметтейтініне жетесің және өміріңнің жалғасуында да соның жемісін көретін боласың.

Жасөспірімдік шағынан бастап кім болатынын білетін адамдарды болашақта үлкен жетістіктер күтеді, себебі олар өздерінің нақты нені қалайтындарын, мақсатқа жету үшін не істеу керек екендерін біледі.

Қабілеттеріңді көрсету мүмкіндіктерін жіберіп алма, олар сенің сенімділігіңді, перспективаңды кеңейтсін, ол үшін сабақ алып, оны

ЗАПИСИ ПСИХОЛОГА

практика жүзінде көруден қорықпа! Тез-ақ бітіп қалатын ақшаны ойлағанша, саған мәңгілікке сабақ болып қалатын тәжірибе алуды ойла.

Біріншіден, өзіңе қызықты, онымен айналысқан кезде сені жайландыратын, сенің қолыңнан келетін істі таңда. Содан кейін барып оны ақырындап қиындат. Бірден ауыр әрі өзіңе таныс емес іске кірісіп кетсең, өзіңнен көңілің қалып қою мүмкін, содан өзіңді жолы болмайтын адам деп ойлап қалуың да ғажап емес.

